ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 қыркүйек №5265-23-00-2/2202 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Сарыағаш ауданы «Әлімтау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «TUMAR GROUP» Рықымбекқызы Динара

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Сарыағаш ауданы «Әлімтау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «TUMAR GROUP» Рықымбекқызы Динара мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер TUMAR GROUP» Рықымбекқызы Динарадан талап қоюшының пайдасына 9 310 (тоғыз мың үщ жүз он) теңге тұрақсыздық төлемі, 2 965 (екі мың тоғыз жүз алпыс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 13.11.2023
5265-23-3-1/2454

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья Д.М.Конысбаева

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 13.11.2023

5265-23-3-1/2454